

رسالة للتجار

САУДАГЕРЛЕРГЕ ЖОЛДАУ

اللغة القازاقية



САУДАГЕРЛЕРГЕ ЖОЛДАУ

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

فَمَنْ أَحَبَّ أَنْ يُزْخَرَ عَنِ النَّارِ وَيُدْخَلَ الْجَنَّةَ، فَلْتَأْتِهِ مَنِئْتُهُ، وَهُوَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ، وَلَيَأْتِ
إِلَى النَّاسِ الَّذِي يُحِبُّ أَنْ يُؤْتَى إِلَيْهِ

«Кімде-кім Тозақ отынан алыстап, Жәннатқа кіргісі келсе, Аллаһ Тағалаға және Ақырет күніне (яғни өлімнен кейінгі Мәңгі өмірге, адамға ондағы үкім мен есепке сәйкес не Жәннат не Тозақ болатынына) иман келтірген күйінде өлімін қарсы алсын әрі адамдардың өзіне қатысты қандай қарым-қатынас жасауын қаласа, оларға да дәл сондай қарым-қатынас жасасын»

(хадисті Муслим келтірген, 1844).

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл қысқа сөздерінде адамның басқалармен қарым-қатынас орнатуында ұстануға тиіс болған ұлы ереже бар.

Бұл сөздер мыңдаған мәлімдемелерді, дәйексөздерді, дәрістерді, мақалалар мен уағыздарды алмастыра алады. Олар қысқа, бірақ мән-мағынасы бойынша өте ауқымды, сондықтан да адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі болуы керек болған қағиданы орнатады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан бұл қос нұсқауды ұстанусыз дүние мен Ақыретте бақытқа жету мүмкін емес.

Әрбір мұсылман адам басқа адамдардың өзіне қалай қарағанын қаласа, оларға да дәл солай қарауы керек. Әлдебір адаммен қалай қарым-қатынас жасау керек екенін білмей жатқан сәт туындап жатқан сайын, осы ережені еске алыңыз және осындай жағдайда ол сізге қалай қатынас жасайтынын қалайтыныңызды ойлаңыз. Кез келген уақытта сіз әлдебір адамға қандай да бір үлгі-кейіпте әлдебір нәрсе істегіңіз келсе, осыны өзіңізде қатысты қолданып өлшеп көріңіз әрі сіз өзіңізге қатысты осылай жасалғанын ұнататын едіңіз бе деп ой жүгіртіп көріңіз. Әрі егер сіз өзіңізге қатысты да дәл осындай қарым-қатынас жасалғанын ұнатсаңыз, онда сіз Аллаһ Тағаланың әміріне сай әрекет еткеніңізді білдіреді, ал ондай болмаса, онда сіз Жаратушының талабын бұзғаныңыз.

Осы қағиданы басшылыққа алыңыз, сонда сіз адамгершілік тұрғысынан көркем тұлғаға айналасыз, жоғары рухани деңгейге көтерілесіз, өз өміріңізді түзетесіз әрі

тыныш және қуанышты боласыз. Егер адамдар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы өсиетін орындаса, үлкен жақсылыққа қол жеткізеді, көптеген дау-дамайлар мен ұрыс-керістерден аулақ болады, бір-біріне деген ашу мен өшпенділіктен арылады. Адамдарды қорламаңыз, ренжітпеңіз, оларға зиян тигізбеңіз – өйткені сіз олардың өзіңізге зиян тигізгенін қаламайсыз. Оларды ренжітпеңіз, өйткені олардың сізді ренжіткенін қаламайсыз ғой. Оларға өтірік айтпаңыз, өйткені сізге біреу өтірік айтқанын қаламайсыз. Қарызды төлеуді кешіктірмеңіз, өйткені өзгенің сізге қарызыңызды қайтармай кешіктіруін қаламайсыз. Әрі ең соңғысы - сіз олармен қандай да бір сауда-саттық қарым-қатынастарын жүргізгенде, сатып алғанда немесе сатқанда адамдарды алдамаңыз, өйткені сіз өзіңіз де ешкімнен алданғыңыз келмейді.

Міне осы, яғни сауда және қаржылық мәселелердегі адалдық, тақуалық және шыншылдық туралы, Аллаһ Тағала қаласа, осы шағын жолдауда сөз етілетін болады.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّى يُحِبَّ لِأَخِيهِ مَا يُحِبُّ لِنَفْسِهِ

«Сендерден ешкім өзіне қалағанды өз бауырына да қаламайынша шынайы иман келтірмейді»

(хадисті Муслим келтірген, 45).

Ол тағы былай деген:

الدِّينُ النَّصِيحَةُ

«Дін – бұл ықыластылық таныту»

(хадисті Муслим келтірген, 55).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрқашан осы ережеге сәйкес іс-амал ететін, әрі оны өз сахабаларына да үйрететін. Адамдармен ең жақсы әрі ең ықыласты қарым-қатынас жасауда оған тең келетін ешкім жоқ. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарыз алса, оны ең жақсысымен қайтаратын. Имам Муслим келтірген хадисте бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол содан інгенін қарызға алып тұратын бір адам келіп, қарызын қайтаруды дөрекі түрде талап ете бастағаны туралы хабарланады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларына: *«Оған өзінің түйесінің жасындай түйені беріңдер»*, - деді. Сахабалар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Жасы жағынан жақсырақ түйелер ғана қалды», - деді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Оған сол түйелердің*

бірін беріңдер», - деп бұйырды. Қымбатырақ түйе алған әлгі адам *Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Маған қарызды* *толық өтедіңіз, Аллаһ сізге сауапты толық берсін!», - деді. Сонда Пайғамбар (оған* *Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):*

إِنَّ خَيْرَ النَّاسِ أَحْسَنُهُمْ قَضَاءً

«Расында, адамдардың ең жақсылары – қарыздарын ең жақсы өтейтіндері!» - деп
жауап берді

(хадисті Муслим келтірген, 1600).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянынан алынған мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады. Тағы бір мысал келтірейік. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбир ибн АбдуЛлаһ атты жас сахабасы және серігі болған. Бірде ол үлкен керуеннің құрамында Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұзақ сапарға шықты. Ал бір өткелге жеткенде, оның түйесі шаршап, керуеннен артта қалып қояды, соның салдарынан ол тіпті оны босатып жібермек болды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қасына жетіп келіп, артта қалуының себебін сұрады. Жәбир оған түйесінің шаршағандықтан баяу жүргенін, сондықтан басқалардан қалып қойғанын түсіндірді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жануарынан түсіп, таяғымен Жәбірдің түйесін айдай бастады, сосын Жәбирге: «Отыр», – деді. Жәбир қайтадан мінгенде, бұрын әрең басып келген түйе мүлде өзгеріп, бұрын-соңды жүгірмегендей жылдам жүгіре жөнелді, сондықтан Жәбир түйесі Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) озып өтпес үшін, оның жүрісін тежеп отыруға мәжбүр болды. Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбирден: *«Маған түйеңді сатасың ба?»*, - деп сұрады. Жәбир түйесін сатқысы келмеді, өйткені ол оны суару үшін пайдаланатын әрі оның одан басқа түйесі жоқ болатын. Бірақ ол Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бас тартуға ұялып, түйені ақысыз бергісі келетінін білдірді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан тек сатуды талап етті. Сонда Жәбир оған түйені, онымен үйіне дейін қайту шартымен сатты. Сапардан оралған соң Жәбир түйені Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелді және Пайғамбар оның ақысын төледі, алайда оған келісілген соммадан көбірек берді. Жәбир үйіне қарай бет алғанда, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны қайтаруды бұйырды. Жәбир

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйені ұнатпағандықтан сауданы бұзу үшін шақырып жатқан шығар, сондықтан түйені алып, ақшаны қайтарып беру керек деп ойлады. Бірақ оның орнына Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Мен сенімен түйеңді сатып алу үшін саудаластым деп ойлайсың ба? Түйеңді ал және оның ақшасын да өзіне қалдыр. Ол сенікі»*, - деді.

Міне, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға осындай қарым-қатынас көрсеткен. Ол өзінің сахабаларынан да адамдарға осындай қарым-қатынас жасауларын талап еткен. Олардың бірі болған Жәрир ибн Абдуллаһ бірде былай деген: «Мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазды ең жақсы түрде оқуға, тазару зекетін беруге және әр мұсылманға шын ықыласты болуға ант бердім». Әрі Жәрир сол антында тұрды. Бірде ол бір адамнан жылқы сатып алды. Ол сатушыдан кеткенде жылқының жүрісінен оның бағасы өзі сатып алған бағадан қымбат екенін байқады. Сонда ол сатушыға қайтып келіп: «Сенің жылқың менен сұраған бағадан қымбат. Сен маған арзанға саттың», - деді де, оған өзі жылқыны соған лайық деп бағалаған соманы берді. Кейін ол сатушыдан кетіп, жылқысын сынап, оның бағасы ол екінші рет төлегеннен де жоғары екенін түсінді. Ол қайтадан сатушыға келіп, оған: «Сен қайтадан арзанға саттың. Сенің атың бұдан да қымбатырақ тұрады», - деді де, оған өзі осы жолы жылқыны жаңадан бағалаған соманы берді. Кейін ол кетіп, қайта оралды. Әрі осылайшы бұл жылқының бағасы екі жүз дирахамнан сегіз жүзге, яғни төрт есе көтерілгенше жалғаса берді. Расында, міне осы: *«Адамдарың сізге қандай қатынас жасағанын қаласаңыз, оларға да дәл солай қарым-қатынас жасаңыз»* деген қағиданың жүзеге асуы.

Көрнекті имамдар мен табиғиндердің бірі, Мухаммад ибн Уасиғ бірде өз есегін сатып жатқан болатын. Сонда оған бір адам келіп: «Осы есек менікі болса, разы болсың ба?», - деп сұрады. Мухаммад ибн Уасиғ оған: «Егер мен бұған разы болсам, оны сатпас едім», - деп жауап берді. Осылайша, бұл көрнекті ғұлама және имам шынайы жауап беріп, сатып алушыны адастырып, алдау үшін өзінің есегін мақтамады, сол арқылы өзі қалаған нәрсені басқаларға да қалайтынын баса айтты.

Аллаһ Тағала сауданы, ол тек Жаратушы белгілеген шеңберде ғана жүзеге асыруы керек деген шартымен рұқсат етіп, оны табыс табудың игі жолдарының бірі етті.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

التَّاجِرُ الْأَمِينُ الصَّدُوقُ الْمُسْلِمُ مَعَ التَّيَّيْنِ وَالصَّدِّيقِينَ وَ الشُّهَدَاءِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

*«Сенімді, шыншыл, мұсылман саудагер Қиямет күні пайғамбарлармен,
шыншылдармен және шәһидтермен бірге болады»*

(хадисті Ибн Мәжаһ, 2139; әд-Дарақутни, 291 және әл-Хәким, 2/6 келтірген; әл-Әлбани оны «Әс-силсиләт әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 3453).

Ендеше, аса Жоғары Жаратушыға иман келтіріп, оған мойынсұнған, Оған ғана құлшылық етіп, Одан басқаның барлығына құлшылық етуден бас тартып, саудасаттық ісін шыншыл әрі адал түрде жүргізіп, Аллаһ Тағаланың оны әрдайым бақылап, қадағалап жатқанын есінде сақтап, Ол бекіткен шекарадан шығудан қорқатын саудагерді осы және Мәңгі өмірде Аллаһтың разылығы мен мейіріміне бөлейді. Аллаһ Тағала оның саудасын берекелі қылып, оған игі табыс беріп, оған деген мейірімі мен кеңшілігін молынан арттырады. Ал Қиямет күнінде Аллаһ Тағала оны ең жақсы серіктермен – пайғамбарлармен, ең шыншыл салиқалы адамдармен және шәһидтермен бірге болу құрметіне лайықты етеді.

Аллаһ разы болған және рақымын берген саудагер – табысын Аллаһ рұқсат еткен жолдармен тауып, адамдарды алдаудан, Аллаһ харам еткен нәрселерді, мысалы, ішімдік, есірткі, шошқа етін және басқа да тыйым салынған нәрселерді сатудан пайда көрмеген саудагер.

Аллаһ оған разы болған саудагер – бұл Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ететін, тапқан ақшасын Аллаһ Тағаланы ашуландыратын нәрселерге емес, игі мақсаттарға жұмсайтын адам.

Аллаһ Тағала оған разы болған саудагер – ол мал-мүлкінен тазартатын зекет беретін, табысының бір бөлігін кедейлер мен жетімдерге көмектесуге, пайдалы кітаптар мен білімді таратуға, мешіттер мен жолдар салуға, құдықтар қазуға және адамдарды сумен қамтамасыз етуге және басқа да Аллаһқа ұнамды мақсаттарға жұмсайтын адам.

Бірде Аллаһтың Елшісі Мәдинада болған кезінде, намаз оқитын жерге бара жатып, саудамен айналысып жатқан, яғни бірдеңелерді алып-сатып жатқан адамдарды көрді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: «Уа саудагерлер!», - деп үндеу тастады. Олар оның шақыруына бірден жауап беріп, оның не айтатынын күтіп, жүздері мен назарларын оған бұрды. Әрі сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

إِنَّ التَّجَارَ يُبْعَثُونَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فُجَارًا إِلَّا مَنْ اتَّقَى اللَّهَ وَبَرَّ وَصَدَقَ

«Расында, саудагерлер, олардың тақуалық пен ізгілік жасап, шыншыл болғандарынан басқалары, Қиямет күні бұзықтар болады», - деді.

(хадисті әт-Тирмизи, 1210; Ибн Мәжаһ, 2146; Ибн Хиббан, 4910 келтірген; әл-Әлбани «Әс-силсиләт әс-сахиһа» кітабында хадисті сенімді деп атаған, 994).

Басқа бір кезде ол саудагерлерге мына сөздермен жүгінген болатын:

يَا مَعْشَرَ التَّجَارِ! إِنَّ هَذَا الْبَيْعَ يَخْضُرُهُ اللَّغْوُ وَالْحَلْفُ، فَشُؤْبُهُ بِالصَّدَقَةِ

«Әй саудагерлер! Расында, сауда істері көбіне бос сөзбен және ант берумен қабаттасып жүреді, сондықтан саудаларыңды садақамен сұйылтыңдар»

(хадисті Абу Дауд, 3326; әт-Тирмизи, 1208 және ән-Насаи, 4463 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахиһ Абу Дауд» еңбегінде сенімді деп атаған, 2845).

Аллаһ разы болған саудагер – ол қолындағы бар нәрсенің Аллаһ Тағала бергенін ұмытпайтын және: «Бұл маған білімімнің арқасында берілді», - яғни «Ақшаны қалай табу жайлы білімімнің арқасында берілді», - деп айтқан Қарун атты жер жұтқан бай секілді мал-мүлкін өзінің ғана істеген зор қызметінің жемісіне жатқызбайтын адам.

Аллаһ разы болған саудагер – ол оның саудасы мен коммерциялық істері оны Аллаһты еске алудан, намаз оқудан және басқа да діни парыздардан басқа жаққа алаңдатпайтын адам. Аллаһ Тағала оларды сауда істері Оған құлшылық етуден алаңдатпайтын адамдарды былай деп мақтаған:

فِي بُيُوتٍ أَذِنَ اللَّهُ أَنْ تُرْفَعَ وَيُذْكَرَ فِيهَا اسْمُهُ يُسَبِّحُ لَهُ فِيهَا بِالْغُدُوِّ وَالْآصَالِ

رِجَالٌ لَا تُلْهِيهِمْ تِجَارَةٌ وَلَا بَيْعٌ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَإِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ ۚ يَخَافُونَ يَوْمًا تَتَقَلَّبُ فِيهِ الْقُلُوبُ وَالْأَبْصَارُ

لِيَجْزِيََهُمُ اللَّهُ أَحْسَنَ مَا عَمِلُوا وَيَزِيدَهُم مِّن فَضْلِهِ ۗ وَاللَّهُ يَرْزُقُ مَنْ يَشَاءُ بِغَيْرِ حِسَابٍ

«Аллаһ тұрғызуды рұқсат еткен үйлерде, Оның есімі зікір етіледі. Оларда өздерін сауда-саттық Аллаһтың зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар Оны дәріптеп-пәктейді. Олар жүректер мен көздердің төңкерілетін күннен қорқады. Сондықтан Аллаһ, оларға істегендерінің ең көркем сыйын Өз қасынан арттырып береді. Аллаһ қалаған құлын есепсіз несібеге бөлейді»

(«ән-Нур» сүресі, 36-38 – аяттар).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде кемеде жүзіп бара жатып, адамдарға бір сусын сатып, оған жасырын түрде

су араластырған адам туралы айтылады. Онымен бірге маймылы болған екен. Кенет сол маймыл әлгі адамның ақшасы салынған әмиянын жұлып алып қашады да, кеменің діңгегіне жүтіріп көтеріліп, сол жерге отырып алып, әмияннан тиындарды бір біреуден шығарып, бірінен соң бірін лақтыра бастады. Маймыл бір тиынды теңізге, ал екіншісін палубаға тастап, мұны ақшаны екіге бөліп біткенге жалғастыра берді. Осылайша ақшаның бір бөлігі аман қалды да, ал екінші бөлігі теңізге түсіп, жоқ болып жоғалды.

Маймыл туралы бұл таңғажайып оқиға сауданың өте маңызды негізгі қағидасына, яғни саудада алаяқтық пен алдауға жол беруге болмайтындығына нұсқау болып табылады. Аллаһ Тағала әлгі маймылды иесінің қулықпен тапқан ақшасын жоюға иландырды. Бұл хикаяда әрбір саналы адам үшін ғибрат жатыр: арам, Аллаһқа жеккөрінішті болған жолмен табылған мал-дүние ешқашан игілікке жарамайды. Адамның өзгелерді алдағаны үшін жазасы оған осы өмірдің өзінде-ақ келіп жетеді. Әрі осы орайда, жоғарыда келтірілген маймылдың оқиғасында орын алғандай, шыншыл әрі әділ жолмен табылған ақша иесінің көз алдында күнәмен табылған ақшадан ажырап бөлініп қалуы міндетті емес. Жиі жағдайда Аллаһ Тағала мұндайды істейтін адамның мал-мүлкін берекеден айырып қояды да, бұл ақша не келіп тиетін аурудан емделуге, не түрмеден құтылуға, не өсіп бой жеткен соң ата-анасына алғыс та білдірмейтін, құрмет те көрсетпейтін ұлды немесе қызды бағып өсіруге кетеді. Сондықтан да ел арасында: «Арам жолмен келгенді жел алып кетеді», - деп бекер айтылмайтын сияқты. Бір адам сүт сатып, оны сумен сұйылтқаны хабарланады. Кейін бір күні су апаты келіп, тасқын оның бүкіл табынын алып кетті. Осылайша сүтті сұйылтқан су оның сүтінің көзі болған малын жойып жіберіпті. Сонда ол: «Тамшы-тамшы болып жиналған су бұрқыраған ағынға айналды», - деп, өксіп-өксіп жылаған екен. Бұл сенің өз қолыңмен жасаған ісіңнің жазасы, расында, Аллаһ Тағала құлдарына зұлымдық жасамайды.

Бірақ арам және әділетсіз сауда жасайтын адамдарды өлгеннен кейін Мәңгілік өмірде күтіп тұрған жаза жердегі жазадан әлдеқайда ұлы әрі қорқынышты.

Сауда-саттық пен қаржылық мәмілелердегі алдау үлкен күнә болып табылады және адамды Аллаһтың қаһарына ұшыратады.

Саудадағы алаяқтықтың ең көп тараған түрлерінің бірі - таразылау мен өлшеуден жеу. Құранда тіпті бұл жайлы жеке «Әл-Мутоффифин» («Таразыдан алдайтындар») деп аталатын сүре бар. Онда былай деп айтылады:

وَيْلٌ لِّلْمُطَفِّفِينَ

الَّذِينَ إِذَا أَكْتَالُوا عَلَى النَّاسِ يَسْتَوْفُونَ

وَإِذَا كَالُوهُمْ أَوْ وَزَنُوهُمْ يُخْسِرُونَ

أَلَّا يَظُنُّ أُولَئِكَ أَنَّهُمْ مَبْعُوثُونَ

لِيَوْمٍ عَظِيمٍ

يَوْمَ يَقُومُ النَّاسُ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ

«Өлшеу, таразылауда кеміткендерге нендей өкініш! Олар адамдардан өлшеп алған кезде, (өздеріне тиістіні) толық өлшеп алады да, ал адамдарға өлшеп немесе тартып беретін болса кемітеді. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Сол ұлы күн үшін. Сол күні адамдар, әлемдердің Раббысының алдында тұрады»

(«әл-Мутәффифин» сүресі, 1-6 – аяттар).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға қоныс аударып келген кезде қалада Абу Жуһайна есімді бір кісінің екі өлшеу ыдысы болғаны хабарланады. Ол басқаларға әлдебір сусымалы заттарды сататын болса бір өлшегішпен, ал басқалардан өзі үшін тауар сатып алғанда екінші өлшегішімен өлшеп алатын. Сол уақытта Аллаһ Тағала осы аяттарды түсірді. Бұл аяттарда Аса Жоғары Раббымыз таразыдан алдайтын адамдарды оларға ұлы қасірет болатымен қорқытады! Бұл адамдар, егер олар үшін біреу өлшеп немесе таразыласа, өздерінің құқықтарының толық сақталуын талап етеді, ал өздері басқаларға өлшеп немесе таразылап беретін болса, таразыдан алдап, оларға зиян келтіреді және өзгелердің тиісті қақыларын толық бермейді. Ендеше, қалайша олар өздерінің болашақта Аллаһ Тағалаға жолығатындығынан және өздерін күтіп тұрған әділ есеп туралы ойланбайды? Олар қалайша Аллаһ Тағаланың жазасы мен ақырет азабынан қорықпайды?!

Аллаһ Тағала опат қылған халықтардың бірі – Мадиян халқы да осы күнәны жасайтын еді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَلَمْ يَنْقُصُوا الْمِكْيَالَ وَالْمِيزَانَ, إِلَّا أَخَذُوا بِالسِّنِينَ, وَشِدَّةِ الْمَوْنَةِ, وَجَوْرِ السُّلْطَانِ عَلَيْهِمْ

**«Егер адамдар таразылап өлшеуден жей бастаса, онда олар астық шықпайтын
жылдарға, күнделікті тамақты табудың қиындығына және билеушілердің
әділетсіздігіне ұшырайтын болады»**

(хадисті Ибн Мәжәһ келтірген, 4019; әл-Әлбани «Сахих ибн Мәжәһ» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 3246).

Көрнекті имамдар мен Ислам ғұламаларының бірі Мәлик ибн Динар бірде өлім тұсында жатқан көршісінің жанына кірген болатын, сонда ол: «Тозақ отынан екі тау! Екі отты тау!», - деген сөздерді қайталай бергені жайлы айтқан. Мәлик одан: «Сен не айтып жатырсың?», - деп сұрады. Көрші: «Уа Абу Яхия! Менің екі өлшегішім бар болатын, бірімен мен адамдар үшін, басқасымен өзім үшін өлшейтін едім!», - деді. Бұл екі өлшегіш оған Тозақ отынан екі тау болып көрінді. Мәлик тұрып, әлгі өлшегіш ыдыстарды алды да, оларды бір-біріне ұра бастады. Көршісі сонда дауыстап: «Уа Абу Яхия! Сен оларды бір-біріне ұрған сайын маған одан да қорқынышты болып жатыр!», - деді. Кейін ол сол ауруынан айықпай-ақ қайтыс болды.

Таразылау мен өлшеуден жеу – ұрлық пен опасыздықтың бір түрі. Аллаһ Тағала таразыдан алдайтындарды «уәйл» күтіп тұр деп айтқан. «Уәйл» деген не? Бұл ұлы әрі қорқынышты азап, сондай-ақ ол ыстық болғаны соншалықты, бұл дүниенің таулары оған түссе, еріп кететін Тозақ аңғарларының бірінің аты.

Салиқалы сәләфтарымыздың бірі бір күні өлім тұсында жатқан науқасқа барып, оған «Лә иләһа иллә-Ллаһ, Мухаммад расулу-Ллаһ» деген сөздерді айтуды есіне сала бастағынын айтқан. Бірақ ол бұл сөздерді айта алмады. Әлгі зиярат жасап келген кісі: «Саған не болды бауырым?! Мен саған бұл сөздерді еске салып жатырмын, ал сенің тілің оларды айтқысы келмей жатыр ғой», - деді. Сонда науқас: «Әй бауруым, менің тілімнің сөйлеуіне таразымның тілі мүмкіндік бермей жатыр» - деп жауап берді. Әлгі зиярат етіп келген адам: «Сен адамдарды таразыдан алдайтын едің бе?», - деп таң қалды. Өлім тұсында жатқан адам: «Жоқ, Аллаһпен ант етемін! Бірақ мен таразымның дәлдігін көпке дейін тексермейтін кездер болатын», - деген екен.

Ойланып көріңізші, таразы басын теңестіруге жөнді қарамаған адамның ақыры осы болса, таразыда қасақана алдайтын адамды, ол жасаған күнәсіна тәубе етпесе не күтіп тұр?!

Алдап өлшеудің көптеген әдістері ойлап табылған: кейде сатушы тауарды таразыға лақтырады, бірақ ол тостағанға түсе салысымен, таразы дәл салмағын көрсетпей тұрып, ол оны таразы табағынан бірден алып тастайды. Басқалар құрғақ, бірақ өзіне ылғал тартатын гигроскопиялық өнімді ылғал бөлмеде

сақтайды, сонда ол өзіне суды сіңіреді де, ауырлау болады. Үшіншілер өлшеу тасын ондағы жазылған салмағынан жеңілірек ету үшін, оның астыңғы жағында ойық жасайды. Төртіншілер сатып алушыға байқатпай таразыға қолмен немесе аяқпен қысым жасайды. Кейбір сатушылар тіпті электронды таразыда да алдауды үйренген, мысалы, калибрлеу кезінде таразыға тоғыз жүз грамм салып, килограмм деп жазады, әрі сол кезде тауардың әрқашан өзінің нақты салмағынан он пайызға артық болады.

Бірде Ибн Умар бір саудагердің қасынан өтіп бара жатып, оған: «Аллаһтан қорық және салмақ пен өлшемді сақта. Өйткені таразыдан және өлшеуден жеген адамдар Қиямет күні денесінен аққан тері құлақтарының ортасына жеткенге дейін тік тұратын болады», - деді.

Әуелгі ізгілердің тағы біреуі: «Кеңдігі көктер мен жердей болған Жәннатты салмағы кемітілген дәнге айырбастап сататын және өлшемінен артық алған дәні үшін өзіне Тозақ азабын айырбастап сатып алатын адамға қасірет болсын» - деген екен.

Саудадағы алдаудың тағы бір түрі – тауардың кемшілігін жасыру. Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) астық сатып тұрған бір адамның қасынан өтіп бара жатты. Әлгі адам сатып тұрған астық үйінді болып тұрды және сырт көзбен қарағанда құрғақ әрі өте жақсы болып көрінді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолын дәнге терең салды және оның саусақтары ылғалды сезді. Сонда ол: *«Уа астықтың иесі! Бұл не?»*, - деп сұрады. Әлгі адам: «Менің дәндеріме жаңбыр тиді», - деп түсіндірді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ендеше, неліктен сен ылғал дәнді адамдар көру үшін төбенің басына қоймадың?!»*, - деп сұрады да, кейін: *«Алдайтын адамдардың маған еш қатысы жоқ»*, - деді. Тауардың кемшіліктерін біле тұра, оларды жасыруға болмайды. Олар жайлы сатып алушыға адал түрде айту қажет. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сауда мәмілесін жасаған екі адам туралы былай деген:

فَإِنْ صَدَقَا وَبَيَّنَّا، بُرِكَ لَهُمَا فِي بَيْعِهِمَا، وَإِنْ كَذَبَا وَكَتَمَا، مُحِقَ بَرَكَتُهُ بَيْعُهُمَا

«Егер олар (яғни, сатып алушы мен сатушы) шыншыл болып, бір-біріне (тауардың сапасына және төлемге қатысты) барлық нәрсені түсіндірсе, олардың сауда мәмілесі берекелі болады, ал олар шындықты жасырып, бір-біріне өтірік айтса, онда олардың сауда мәмілесі берекеден айырылады»

(хадисті әл-Бухари, 2079 және Муслим, 1532 келтірген).

Өкінішке орай, тауарлардың кемшіліктерін жасыру - өте кең таралған құбылыс. Көбісі мұны табысты сауданың таптырмас шарты деп санайды, ал тауар кемшілігін жасыра алу сауда өнері ретінде қарастырылады. Көкөністер мен жемістерді сатушылар бүлінген тауарды сапалысымен жабады, автокөлік, ұялы телефон, тұрмыстық және электронды техника сатушылар өз тауарларының белгіленген талаптарға сай келмейтінін сатып алушылардан жасырады. Азық-түлік сатушылар өз өнімдерінің нақты шығарылған күнін немесе шынайы өндірушісін, кейде тіпті медициналық стандарттарға сәйкес келмейтінін жасырады. Тауардың кемістігін жасыру арқылы алынған қосымша табыс харам болып табылады және адамға зияннан басқа ештеңе әкелмейді.

Сауда жүргізудегі алдаудың тағы бір түрі – тауарды өткізу үшін жалған ант беру. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет күні Аллаһ Тағала сөйлеспейтін, қарамайтын және азапты жазаға ұшырататындардың бірі – басқаға тауарды сатқанда, оны белгілі бағаға сатып алғанына Аллаһтың атымен жалған куәлік беріп, сатып алушы оған сенген адам болатындығына нұсқаған. Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену үшін ант беру – ең үлкен күнәлардың бірі. Көп жағдайда сатушылар сатып алушыларға өздерінің өте аз пайда көретіндеріне сендіру үшін тауарды бір бағамен алғандығына куәлік етеді. Кейде сатып алушы тауарды арзан бағаға түсіруді сұрағанда, сатушы оның алдында басқа біреу келіп, сол немесе одан да жоғары бағаны ұсынғанына, бірақ ол сол бағаға тауарын бермегеніне ант етеді. Көптеген сатушылар сататын затын соңғы екенін және осы түрдегі тауарлардың барлығын сатып жібергенін айтып алдап, осылайша сатып алушыларды сол затты сатып алуға асығуға мәжбүр етеді.

Делдалдар, жалға алушылар, серіктестер, пәтер иелері де алдайды. Тіпті дәрігерлер де алдайды: олар фармацевтикалық компаниялардан сыйақы алуға ұмтылып, бағасы төмен дәрілер бар болса да, науқастарға (кейбір) басқа қымбат дәрілерді жазып береді, немесе науқастарға қажет емес анализдерді белгілеп, жеке зертханалардан осы үшін сыйақы алады. Қаншама адамдар алаяқтықпен сауда жасап, тыйым салынған жолмен мал-мүлікке ие болып жатқанын, қиын қаржылық жағдайына сілтеме жасап, өмір осындай, көбісі солай істейді деп ақталып жатады. Бірақ мұның бәрін ақтауға бола ма? Өйткені, әркім өзі үшін азап шегеді, өзгенің күнәсін ешкім көтермейді. Әрбір сойылған қойды өз аяғынан іліп қояды емес пе?!

Аллаһ Тағала тыйым салынған тағаммен денесін қоректендіріп, адамдарды алдаған адамның дұғасын қабыл етпейді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолын көкке созып, Аллаһқа жалбарынған, бірақ оның ішкен тамағы, киген киімі харам болғандықтан, дұғасына жауап алмаған жолаушы туралы баяндаған.

Әй нанын арам жолмен тапқан адам! Аллаһқа ұнамды мақсаттарға жұмсаған мал-мүлкің тыйым салынған жолмен табылса, Аллаһ Тағала оны қабылдамайтынын біл! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ اكْتَسَبَ مَالًا مِنْ مَأْتَمٍ، فَوَصَلَ بِهِ رَحْمَةً أَوْ تَصَدَّقَ بِهِ أَوْ أَنْفَقَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، جَمَعَ ذَلِكَ كُلَّهُ
جَمِيعًا فَقُذِفَ بِهِ فِي جَهَنَّمَ

«Кімде-кім күнәлі жолмен ақша тауып, оны туыстарына көмектесуге, садақаға немесе Аллаһтың жолында жұмсаса, оның бәрі жиналып, Тозақ отына тасталады»

(хадис «әл-Мәрасил ли-Абу Дауд», кітабында келтірілген 131; әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уә әь-тархиб» еңбегінде оны сенімді деп атаған, 1721).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамның Қиямет күні мал-мүлкін қалай тапқанын, не үшін жұмсағанын Аллаһтың алдында есеп бермейінше орнынан қозғала алмайтынын айтқан.

Ендеше, Аллаһ Тағала адал жолмен табуды нәсіп еткен жақсы ризыққа разы болып, сабыр етуіміз керек. Кімде-кім Аллаһтан қорқып, харамға қол сұқпаса, Аллаһ Тағала оған бір шығу жолын және жеңілдігін береді.

Ол былай деген:

وَمَنْ يَتَّقِ اللَّهَ يَجْعَلْ لَهُ مَخْرَجًا
وَيَرْزُقْهُ مِنْ حَيْثُ لَا يَحْتَسِبُ

«Кім Аллаһтан қорықса, Ол оған бір шығар жол пайда қылады да, оған ойламаған жерден ризық береді»

(Құран, «әт-Тәләқ» сүресі, 2-3 – аяттар).

Қазақ тіліне аударған шейх Хайсам Сархан
басшылығындағы «Сунна» колледжі

1447/2025 ж.